



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 5-12 қараша аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2021 жыл, 15 қараша


Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 12 қарашада теңгенің нарықтық бағамы бір апта ішінде 0,1%-ға (429,82 теңгеден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 429,59 теңге деңгейінде қалыптасты. Дамушы нарықтар валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. Қазанда АҚШ-та соңғы 30 жылдағы инфляцияның рекордтық деңгейі (6,2% ж/ж) туралы деректердің шығуы және АҚШ ФРЖ мөлшерлемесінің жуырда көтерілетіні жөніндегі күтулердің күшеюі дамушы нарықтардың валюталарына қарсы АҚШ доллары индексінің нығаюына әсер етті. Қарашада бағаның өсуін күту аясында АҚШ-тағы тұтыну ахуалының индексі 66,8 тармаққа дейін (2011 жылдан бастап ең төменгі деңгей) төмендеді.

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Бразилия реалы** қазанда инфляцияның 10,67%-ға ж/ж қарқын алатыны жөніндегі деректердің шығуы аясында 1,4%-ға (5,54-тен 5,46-ға дейін) нығайды, бұл – мөлшерлеменің өсетіні жөніндегі күтулерді арттырды;
- **Индонезия рупиясы** Орталық банктің күшті макроэкономикалық факторларға және шетелдік инвесторлар салымының әкелінуіне байланысты ұлттық валютаның нығаятыны жөніндегі күтулер туралы түсіндірмелері аясында 0,8%-ға (14 331-ден 14 219-ға дейін) нығайды. Covid-19-бен ауырғандар санының азаюы және карантиндік шаралардың жеңілдеуі инвесторлардың сентиментін қолдады;
- **үнді рупиясы** бір апта ішінде 74,46-дан 74,44-ке дейін нығайып, іс жүзінде өзгерген жоқ;
- **Мексика песосы** инвесторлардың күшейту қарқынының жеделдейтіні жөніндегі күтулеріне қарамастан, Орталық банктің негізгі мөлшерлемені 5%-ға дейін 25 б.т. арттыру жөніндегі сақтықпен қабылдаған шешімі аясында 0,9%-ға (20,34-тен 20,52-ге дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ долларының жаһандық нығаюы және АҚШ-та инфляция туралы деректердің шығуынан кейін жағымсыз сентимент аясында 1,9%-ға (15,05-тен 15,33-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** АҚШ-тың ЕО-ға Ресей Федерациясының Украина аумағына басып кіру ықтималдығы жөнінде қауіптенетіні туралы хабардар еткені жөніндегі хабарларға байланысты 2,2%-ға (71,25-тен 72,85-ке дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** инфляцияның қарқын алуына қарамастан, мөлшерлеменің тез арада төмендейтінін күтулер аясында 3,2%-ға (9,69-дан 10-ға дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдердегі валюта бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2021 жылдың басынан бастап 12 қараша аралығында)**



**Дамушы елдердегі валюта бағамының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, %
(2021 жылғы 5-12 қараша аралығында)**



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2021 жылғы 29 қазан =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz